

**2022-2023 оқу жылында 3 «Ә» сыныбының ата – аналармен жүргізілген жұмыс жоспарының талдауы**

**Ата-аналармен жүргізілетін жұмыстың мақсаты:**

Ата-аналарды ақпараттандыру және оқыту үдерісіне тарту.

**Ата-аналармен жүргізілетін жұмыстың міндеті:**

- Оқыту үдерісінде кездесетін қиындықтардың себептері мен шешу жолдары бойынша кеңес беру;
- Ата-аналарды балалармен жүргізілетін түзете-дамыту жұмыстарына белсенді араластыру;
- Ата-аналарды психологиялық-педагогикалық тұрғыдан ақпараттандыру.

№	Іс-шаралар
1.	<b>Тақырыбы:</b> «Отбасының бала тәрбиесіндегі ролі» <b>Күн тәртібі:</b> 1. Өткен оқу жылына талдау, жаңа оқу жылының мақсаты мен міндеттері. 2. «Отбасының бала тәрбиесіндегі ролі» баяндама
2.	<b>Тақырыбы:</b> «Ата-ананың құқықтық сауаттылығы» <b>Күн тәртібінде:</b> 1. Ата-аналарға арналған тренинг 2. Тоқсан қорытындысы.
3.	<b>Тақырыбы:</b> «Ата-ана және мектеп» <b>Күн тәртібінде:</b> 1. Іж.ж. қорытындысын хабарлау 2. «Бала тәрбиесіндегі ата-ана рөлі» баяндама.
4.	<b>Тақырыбы:</b> «Отбасындағы тәрбиенің ерекшелігі» баяндама <b>Күн тәртібінде:</b> 1. Тоқсан қорытындысы 2. Әр түрлі мәселелер
5.	<b>Тақырыбы:</b> «Бала тәрбиесі отбасынан басталады.» <b>Күн тәртібінде:</b> 1. Жылды қортындылау 2. Сауалнама ата-аналарға

Жоспар бойынша қыркүйек айында ата – аналар арасында жиналыс өтті. Күн тәртібінде бірнеше мәселе қаралды. Күн тәртібіндегі жиналыстың бірінші мәселесі туралы сөз қозғалды. Яғни, 2022 – 2023 оқу жылына ата – аналар комитетін сайлау туралы мәселе қозғалды.

Қазан айында «Отбасы-тәрбиенің ұясы» атты баяндама оқылды. Баяндамада әр шаңырақта әкенің рөлі ерекше екені түсіндірілді. Әке- отбасының асыраушысы, отбасы мүшелерінің тірегі, қамқоршысы. Әкенің мінез-құлқы, өзгелермен қарым-қатынасы, өнері мен білімі- баланың көз алдындағы үлгі өнеге алатын, оған қарап өсетін нысанасы.

Желтоқсан, наурыз айларында «Бала тәрбиесіндегі ата-ана рөлі», «Бала тәрбиесі отбасынан басталады.» атты баяндамалар оқылды, ата-аналардан сауалнамалар алынды.

Сынып жетекшісі:  Ажибаева Ж.С.